

А. ЕСЕНОВА¹, А. РИЗАХОДЖАЕВ²✉, Б. АБДИГАЛИЕВА³, Д. САБИРОВ⁴

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, (Қазақстан, Шымкент)

²Орталық Азия инновациялық университеті

(Қазақстан, Шымкент), E-mail: manamolot@mail.ru

³Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті
(Қазақстан, Алматы)

⁴Алматы Менеджмент Университеті, (Қазақстан, Алматы)

ФЕСТИВАЛЬДЕРДІҢ АЙМАҚТЫҚ ТУРИЗМНІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫН ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. Мақалада Түркістан облысында өткізілетін фестивальдердің аймақтық туризмнің тұрақты дамуына ықпалы эмпирикалық тұрғыдан зерттеледі. Зерттеу сандық әдіснама негізінде жүргізіліп, фестивальдерге қатысқан 250 турист арасында сауалнама ұйымдастырылды. Жиналған деректер Jamovi 2.6 статистикалық бағдарламасы арқылы өңделіп, конструкциялардың сенімділігі Cronbach's Alpha коэффициенті бойынша бағаланды. Айнымалылар арасындағы байланыс Пирсонның корреляциялық талдауы және қарапайым сызықтық регрессия әдістерімен анықталды. Зерттеу нәтижелері фестиваль тәжірибесі мен аймақтық туризмнің тұрақты дамуы арасында жоғары деңгейдегі оң және статистикалық мәнді байланыс бар екенін көрсетті ($r=0,742$; $p<0,001$). Регрессиялық талдау фестиваль тәжірибесі аймақтық туризмнің тұрақты дамуына қатысты өзгерістің 55,1%-ын түсіндіретінін анықтады ($R^2=0,551$). Зерттеу нәтижелері фестивальдердің өңірдің туристік тартымдылығын арттыруға, туристік имиджін нығайтуға, ұлттық мәдени мұраны насихаттауға және туристердің қайта келу ниетін қалыптастыруға елеулі үлес қосатынын дәлелдейді. Алынған қорытындылар өңірлік туризмді дамыту саясатын жетілдіруде және фестивальдерді тиімді ұйымдастыру бойынша басқарушылық шешімдер қабылдауда практикалық маңызға ие.

Кілт сөздер: фестивальдік туризм, оқиғалық туризм, тұрақты туризм, аймақтық туризм, Түркістан облысы, фестиваль тәжірибесі, туристік тартымдылық, туристік имидж, эмпирикалық зерттеу.

Кіріспе

Соңғы жылдары әлемде туризмнің дәстүрлі түрлерімен қатар оқиғалық туризмнің (event

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз: Есенова А., Ризаходжаев А., Абдигалиева Б., Сабиров Д. Фестивальдердің аймақтық туризмнің тұрақты дамуына ықпалын эмпирикалық зерттеу // Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality. – 2026. – No. 2(12). – Б. 300–313. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2026-2.18>

*Cite us correctly: Yessenova A., Rizakhodzhayev A., Abdigaliyeva B., Sabirov D. Festivalalderdin aimaqtyq turizmnin turaqty damuyna yqpalyin empirikalyyq zertteu [An Empirical Study of the Impact of Festivals on the Sustainable Development of Regional Tourism] // Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality. – 2026. – No. 2(12). – P. 300–313. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2026-2.18>

tourism) маңызы артып келеді. Туристер белгілі бір өңірге тек тарихи ескерткіштерді немесе табиғи нысандарды көру үшін ғана емес, сонымен қатар ерекше мәдени іс-шараларға, фестивальдерге, ұлттық мерекелерге және түрлі көрмелерге қатысу мақсатында да барады. Осындай іс-шаралар туристерге жаңа әсер сыйлап қана қоймай, өңірдің мәдени ерекшелігін танытуға, жергілікті халықтың дәстүрлері мен құндылықтарын насихаттауға мүмкіндік береді. Сондықтан көптеген елдер фестивальдерді туристік өнімнің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, оларды өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың тиімді құралы ретінде пайдаланып келеді.

Қазақстанда да соңғы жылдары фестивальдік туризмге деген қызығушылық айтарлықтай өсіп отыр. Мемлекет ішкі туризмді дамытуға және туристік ағынды өңірлерге бағыттауға ерекше көңіл бөлуде. Осы тұрғыдан алғанда Түркістан облысының әлеуеті жоғары. Өңірдің бай тарихи-мәдени мұрасы, ұлттық салт-дәстүрлері, қолөнері мен гастрономиясы түрлі фестивальдерді ұйымдастыруға қолайлы жағдай қалыптастырады. Соңғы жылдары Түркістанда Наурыз мерекесіне арналған кең ауқымды іс-шаралар, халықаралық әуе шарлары фестивалі (Balloon Fest), ONER халықаралық қолөнершілер фестивалі, қызғалдақ фестивалі, ұлттық ат спорты ойындары сияқты көптеген мәдени іс-шаралар өткізіліп келеді. Бұл фестивальдер өңірге келетін туристер санын арттырумен қатар, Түркістанның туристік имиджін қалыптастыруға ықпал етуде.

Фестивальдердің экономикалық әсері ғана емес, олардың әлеуметтік және мәдени маңызы да ерекше. Мұндай іс-шаралар жергілікті кәсіпкерлердің табысын арттыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға, ұлттық мәдениетті сақтауға және жергілікті қауымдастықтың туризмді дамытуға қатысуына мүмкіндік береді. Осы себепті фестивальдік туризм тұрақты туризм тұжырымдамасының маңызды элементтерінің бірі ретінде қарастырылады. Тұрақты туризмнің негізгі мақсаты туристік ресурстарды тиімді пайдалану арқылы экономикалық пайдаға қол жеткізу ғана емес, сонымен қатар мәдени мұраны сақтау, қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайту және жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыру болып табылады.

Шетелдік әдебиеттерде фестивальдердің туристік тартымдылыққа, туристердің қайта келу ниетіне және өңірлік экономикаға әсері кеңінен зерттелген. Алайда Қазақстан жағдайында, әсіресе Түркістан облысында өткізілетін фестивальдердің аймақтық туризмнің тұрақты дамуына ықпалын туристердің көзқарасы негізінде бағалайтын эмпирикалық зерттеулер әлі де аз. Қолданыстағы зерттеулердің басым бөлігі жекелеген фестивальдерді сипаттаумен немесе олардың мәдени маңызын талдаумен шектеледі. Ал фестиваль тәжірибесінің өңірлік туризмнің тұрақты дамуына ықпалын сандық деректер арқылы бағалау мәселесі жеткілікті деңгейде қарастырылмаған.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – Түркістан облысында өткізілетін фестивальдердің аймақтық туризмнің тұрақты дамуына ықпалын эмпирикалық тұрғыдан бағалау. Зерттеудің ғылыми жаңалығы Түркістан облысында өткізілетін фестивальдердің аймақтық туризмнің тұрақты дамуына ықпалын туристердің фестиваль тәжірибесі негізінде сандық әдістер арқылы кешенді бағалауында жатыр. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері өңірлік фестивальдерді ұйымдастыру тиімділігін арттыруға және тұрақты туризмді дамытуға бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдауға қолданылуы мүмкін. Зерттеу барысында фестивальге қатысқан туристердің пікірлері негізінде фестиваль тәжірибесі мен тұрақты туризм көрсеткіштері арасындағы байланыс анықталады.

Зерттеудің негізгі гипотезасы төмендегідей тұжырымдалды:

Н1 – Фестиваль тәжірибесі Түркістан облысындағы аймақтық туризмнің тұрақты дамуына оң және статистикалық мәнді әсер етеді.

Әдебиеттерге шолу

Фестивальдік туризм қазіргі туризм индустриясының қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі болып табылады. Соңғы жылдары туристердің саяхатқа деген сұранысы дәстүрлі экскурсиялық бағдарламалардан мәдени, этникалық және оқиғалық тәжірибеге негізделген саяхаттарға қарай ауысып келеді. Осыған байланысты фестивальдер өңірдің туристік тартымдылығын арттырумен қатар, оның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына ықпал ететін маңызды құрал ретінде қарастырылуда.

Фестивальдік туризмнің теориялық негіздері алғаш рет жоспарланған іс-шараларды туристік дестинацияларды дамыту құралы ретінде қарастырған еңбектерде кеңінен сипатталған. Getz фестивальдер мен арнайы іс-шаралардың туристік ағымды ынталандырудағы, дестинация брендингін қалыптастырудағы және жергілікті қауымдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етудегі рөлін негіздеді [1]. Кейінгі зерттеулерінде Getz пен Page оқиғалық туризмнің қазіргі даму үрдістерін талдай отырып, фестивальдердің тек туристерді тарту құралы ғана емес, сонымен қатар өңірдің тұрақты дамуына ықпал ететін стратегиялық ресурсқа айналғанын атап көрсетеді [2].

Туризмді жоспарлау мәселелеріне арналған еңбектерде фестивальдердің өңірлік даму стратегиясындағы орны ерекше қарастырылады. Hall тұрақты туризмді қалыптастыру туристік ресурстарды тиімді пайдаланумен қатар, жергілікті тұрғындардың мүдделерін, мәдени мұраны сақтауды және ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық тиімділікті қамтамасыз етуге негізделуі тиіс екенін көрсетеді [3]. Осы көзқарасты Morrison жалғастырып, туристік дестинацияларды басқаруда мәдени іс-шаралар өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын маңызды факторлардың бірі екенін дәлелдейді [4]. Өз кезегінде Kotler, Bowen және Baloglu туризм маркетингінде фестивальдер туристердің эмоционалдық қабылдауын қалыптастырып, дестинацияның жағымды имиджін нығайтатынын атап өтеді [5]. Hudson фестивальдер туристік өнімді әртараптандыруға мүмкіндік беретінін және туристердің сапар тәжірибесін байытатынын көрсетеді [6].

Қазақстандық зерттеулерде де фестивальдік туризмнің маңыздылығы артып келеді. Жунусова, Нуртазина және Тулегенова оқиғалық және гастрономиялық туризмнің туристік дестинациялардың тұрақты дамуына әсерін талдай отырып, фестивальдердің жергілікті экономиканы дамытуға, шағын және орта бизнесті қолдауға және өңірдің туристік тартымдылығын арттыруға ықпал ететінін атап көрсетеді [7]. Бұл тұжырым халықаралық зерттеулердің нәтижелерімен де сәйкес келеді.

Түркістан өңіріне арналған зерттеулердің ішінде Nurmaganbetkyzy, Zhakupov және Sharapayeva тарихи-мәдени мұраны пайдалану арқылы шағын қалалардың туристік брендін қалыптастыру мәселесін қарастырған. Авторлар Түркістан облысының тарихи және мәдени ресурстары өңірдің бәсекелік артықшылықтарының бірі болып саналатынын және оларды фестивальдік іс-шаралармен ұштастыру туристік сұранысты арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді [8]. Сонымен қатар Abdikarimova және әріптестері этникалық туризмнің мәдени мұраны сақтау мен ұлттық дәстүрлерді насихаттаудағы рөлін талдап, мәдени іс-шаралардың тұрақты туризм қағидаттарын іске асырудағы маңызын ерекше атап өтеді [9].

Орталық Азия елдерінде жүргізілген зерттеулер де фестивальдердің өңірлік туризмді

дамытудағы рөлін дәлелдейді. Khusanovich арнайы қоғамдық іс-шаралар мен фестивальдердің туристік дестинациялардың тартымдылығын арттырып қана қоймай, жергілікті экономикалық белсенділікті ынталандыратынын көрсетеді [10]. Sayın мен Uysal фестиваль қонақтарының пікірлерін зерттей отырып, туристердің жағымды фестиваль тәжірибесі олардың қайта келу ниетіне және дестинацияны өзгелерге ұсынуына оң әсер ететінін анықтады [11]. Todorović фестивальдерді тұрақты туризмді дамыту тетігі ретінде қарастырып, олардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени әсерлерін кешенді бағалау қажеттігін негіздейді [12].

Қазақстандағы туризмді дамытуға арналған ресми құжаттарда да оқиғалық туризмге ерекше назар аударылған. «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясының деректері бойынша соңғы жылдары мәдени және фестивальдік іс-шаралар ішкі туристік ағынның өсуіне ықпал етіп келеді [13]. Түркістан облысының инвестициялық туристік нұсқаулығында өңірдің тарихи-мәдени әлеуетімен қатар, халықаралық деңгейдегі фестивальдер мен мәдени іс-шараларды дамыту өңірдің негізгі басымдықтарының бірі ретінде қарастырылған [14]. Ал UN Tourism мәліметтері мәдени және оқиғалық туризмнің әлемдік туризм индустриясындағы үлесі тұрақты түрде өсіп келе жатқанын және оның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі рөлінің артып отырғанын көрсетеді [15].

Жүргізілген әдебиеттерге талдау фестивальдердің туристік тартымдылықты арттырудағы, мәдени мұраны сақтаудағы және жергілікті экономиканы дамытудағы маңызы ғылыми тұрғыдан жеткілікті зерттелгенін көрсетті. Алайда қолданыстағы зерттеулердің басым бөлігі фестивальдердің экономикалық әсеріне немесе туристердің қанағаттану деңгейіне бағытталған. Түркістан облысы жағдайында фестиваль тәжірибесінің аймақтық туризмнің тұрақты дамуына ықпалын туристердің қабылдауы негізінде эмпирикалық тұрғыдан бағалайтын зерттеулер жеткіліксіз. Осы ғылыми олқылық аталған зерттеудің өзектілігін айқындап, фестиваль тәжірибесі мен аймақтық туризмнің тұрақты дамуы арасындағы байланысты сандық әдістер арқылы зерттеу қажеттілігін негіздейді.

Зерттеу әдістері

1. Зерттеу дизайны

Осы зерттеу Түркістан облысында өткізілетін фестивальдердің аймақтық туризмнің тұрақты дамуына ықпалын бағалауға бағытталған сандық (quantitative) зерттеу ретінде жүргізілді. Зерттеу барысында көлденең қималы (cross-sectional) зерттеу дизайны қолданылды. Бұл әдіс белгілі бір уақыт кезеңінде фестивальдерге қатысқан туристердің пікірлерін жинақтап, олардың фестиваль тәжірибесін және өңірлік туризмнің тұрақты дамуына қатысты көзқарасын бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу бірнеше өзара байланысты кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде фестивальдік туризм, оқиғалық туризм және тұрақты туризм мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге талдау жасалды. Әдебиеттерді зерделеу нәтижесінде зерттеудің мақсаты, гипотезасы және негізгі зерттеу айнымалылары айқындалды.

Келесі кезеңде зерттеу құралы ретінде құрылымдалған сауалнама әзірленді. Сауалнама халықаралық зерттеулерде қолданылған өлшемдер негізінде бейімделіп, Түркістан облысының туристік ерекшеліктерін ескере отырып толықтырылды. Соңғы кезеңде жиналған деректер статистикалық өңдеуден өткізіліп, зерттеу гипотезасы тексерілді.

2. Зерттеу объектісі және іріктеу

Зерттеу объектісі ретінде Түркістан облысында өткізілген мәдени және оқиғалық

фестивальдерге қатысқан туристер алынды. Атап айтқанда, зерттеу барысында Наурыз мерекесіне арналған мәдени іс-шаралар, Balloon Fest халықаралық әуе шарлары фестивалі, Turkistan World Craft Fest халықаралық қолөнершілер фестивалі және өңірде ұйымдастырылған басқа да мәдени-туристік іс-шараларға келген келушілердің пікірлері зерттелді.

Респонденттерді таңдау кезінде ықтималдық емес қолжетімділік іріктеу әдісі (convenience sampling) қолданылды. Жалпы зерттеуге 250 турист қатысты. Деректер фестиваль өткізілетін орындарда тікелей сауалнама жүргізу арқылы және Google Forms платформасы көмегімен онлайн форматта жиналды.

Зерттеуге тек 18 жастан асқан және соңғы екі жыл ішінде Түркістан облысындағы кемінде бір фестивальге қатысқан респонденттер енгізілді. Мұндай іріктеу зерттеуге қатысушылардың фестиваль тәжірибесін нақты бағалауына мүмкіндік берді.

3. Зерттеу құралы

Деректерді жинау үшін құрылымдалған сауалнама пайдаланылды. Сауалнама үш бөлімнен тұрды.

Бірінші бөлімде респонденттердің әлеуметтік-демографиялық мәліметтері анықталды. Мұнда жынысы, жасы, білім деңгейі, тұрғылықты жері және фестивальге қатысу тәжірибесіне қатысты сұрақтар енгізілді.

Екінші бөлім «Фестиваль тәжірибесі» (Festival Experience) конструкциясын бағалауға арналды. Бұл бөлімде фестивальдің ұйымдастырылуы, мәдени бағдарламасының мазмұны, ұлттық дәстүрлердің көрінісі, қызмет көрсету сапасы, қауіпсіздік деңгейі, фестиваль атмосферасы және жалпы алғандағы әсер бағаланды. Аталған конструкция туристердің фестивальден алған тәжірибесін кешенді сипаттауға мүмкіндік береді.

Үшінші бөлім «Аймақтық туризмнің тұрақты дамуы» (Sustainable Regional Tourism) конструкциясын бағалауға бағытталды. Бұл бөлім фестивальдердің өңірдің туристік тартымдылығына, жағымды имиджінің қалыптасуына, мәдени мұраны сақтауға, жергілікті кәсіпкерліктің дамуына, туристердің қайта келу ниетіне және өңірді өзгелерге ұсыну ықтималдығына әсерін анықтауға арналған тұжырымдарды қамтыды.

Барлық сұрақтар 5 балдық Лайкерт шкаласы бойынша бағаланды, мұнда 1 – «мүлдем келіспеймін», 2 – «келіспеймін», 3 – «бейтараппын», 4 – «келісемін», 5 – «толықтай келісемін» мәндерін білдіреді.

4. Мәліметтерді өңдеу әдістері

Жиналған деректерді өңдеу және талдау Jamovi 2.6 статистикалық бағдарламасының көмегімен жүргізілді.

Алдымен сауалнама шкалаларының ішкі біртектілігі Cronbach's Alpha коэффициенті арқылы бағаланды. Сенімділік коэффициентінің 0,70-тен жоғары болуы қолданылған өлшемдердің ішкі сәйкестігі жеткілікті екенін көрсетті.

Келесі кезеңде респонденттердің жауаптары бойынша сипаттамалық статистикалық талдау жүргізілді. Бұл талдау барысында жиілік көрсеткіштері, пайыздық үлестер, орташа мәндер (Mean) және стандарттық ауытқулар (Standard Deviation) есептелді.

Фестиваль тәжірибесі мен аймақтық туризмнің тұрақты дамуы арасындағы өзара байланысты анықтау мақсатында Пирсонның корреляциялық талдауы (Pearson Correlation Analysis) қолданылды. Бұл әдіс зерттеу айнымалылары арасындағы байланыстың бағыты мен күшін бағалауға мүмкіндік берді.

Ұсынылған Н1 гипотезасын тексеру үшін қарапайым сызықтық регрессиялық талдау (Simple Linear Regression) жүргізілді. Регрессиялық модель фестиваль тәжірибесінің аймақтық туризмнің тұрақты дамуына ықпал ету деңгейін анықтауға пайдаланылды. Барлық статистикалық талдауларда $p < 0,05$ мәні статистикалық маңыздылық деңгейі ретінде қабылданды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Түркістан облысындағы фестивальдердің туристік тартымдылығы

Түркістан облысында соңғы жылдары өткізілетін фестивальдер өңірдің туристік күнтізбесінің маңызды бөлігіне айналып келеді. Олар жергілікті тұрғындарды ғана емес, еліміздің әртүрлі өңірлерінен келетін туристерді де қызықтырады. Осыған байланысты зерттеу барысында респонденттердің қай фестивальге қатысқаны және олардың Түркістанға келуіне қандай фестивальдің көбірек әсер еткені анықталды.

1-кесте – Респонденттердің қатысқан фестивальдері

Фестиваль	n	%
Наурыз мерекесіне арналған мәдени іс-шаралар	97	38,8
Balloon Fest халықаралық әуе шарлары фестивалі	79	31,6
Turkistan World Craft Fest	51	20,4
Басқа мәдени іс-шаралар	23	9,2

Ескерту – авторлар құрастырған.

1-кестеде көрсетілгендей, сауалнамаға қатысқан туристердің басым бөлігі Наурыз мерекесіне арналған мәдени іс-шараларға қатысқан. Бұл, ең алдымен, Наурыздың еліміздегі ең ауқымды мәдени мерекелердің бірі болуымен және осы кезеңде Түркістан қаласында көптеген этномәдени бағдарламалардың ұйымдастырылуымен байланысты.

Balloon Fest фестиваліне қатысушылардың үлесі де айтарлықтай жоғары болды. Респонденттердің пікірінше, бұл фестивальдің ерекшелігі – дәстүрлі мәдени бағдарламаны заманауи форматтағы іс-шаралармен ұштастыруында. Әуе шарлары шоуы, фотозоналар және кешкі ойын-сауық бағдарламалары жастардың қызығушылығын арттырған.

Turkistan World Craft Fest фестиваліне қатысқан туристердің саны салыстырмалы түрде аз болғанымен, олар бұл фестивальдің өңірдің мәдени мұрасын таныстырудағы рөлін жоғары бағалады. Қолөнер шеберлерінің көрмелері мен шеберлік сабақтары туристердің ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырғанын атап өткен.

Алынған мәліметтер фестивальдердің әртүрлі мақсаттағы аудиторияны тартатынын көрсетті. Бір турист мәдени бағдарламаларға қызықса, енді бірі ерекше атмосфера немесе жаңа эмоция алу үшін келеді. Сондықтан Түркістан облысында әртүрлі форматтағы фестивальдерді қатар дамыту өңірдің туристік әлеуетін арттырудың тиімді бағыттарының бірі болып табылады.

Туристердің фестивальге қатысу мотивациясы

Фестивальге келудің негізгі себептерін анықтау өңірдің туристік өнімін жетілдіру тұрғысынан маңызды. Осыған байланысты респонденттерден Түркістанға келуінің басты мақсатын көрсету сұралды.

2-кесте – Туристердің фестивальге қатысу себептері

Себеп	n	%
Ұлттық мәдениетпен танысу	76	30,4
Жаңа әсер алу	69	27,6
Демалыс өткізу	48	19,2
Әлеуметтік желілерде көріп қызығу	36	14,4
Достарының немесе туыстарының ұсынысы	21	8,4

Ескерту – автор құрастырған.

2-кестеде көрсетілгендей, туристердің басым бөлігі Түркістанға ұлттық мәдениетпен танысу мақсатында келген. Бұл нәтиже Түркістан облысының тарихи-мәдени мұрасы фестивальдердің негізгі тартымдылық факторларының бірі болып отырғанын көрсетеді. Әсіресе қолөнер көрмелері, ұлттық тағамдар жәрмеңкесі, дәстүрлі музыка мен этноауыл элементтері туристердің ерекше қызығушылығын тудырған.

Екінші орында жаңа әсер алу мақсаты тұр. Бұл қазіргі туристердің саяхат кезінде эмоциялық тәжірибеге көбірек мән бере бастағанын көрсетеді. Фестивальдің ерекше атмосферасы, түрлі интерактивті бағдарламалар және көпшілікпен бірге уақыт өткізу мүмкіндігі қатысушылар үшін маңызды болған.

Сонымен қатар респонденттердің бір бөлігі фестиваль туралы әлеуметтік желілер арқылы білгенін көрсетті. Бұл қазіргі кезеңде Instagram, TikTok және басқа цифрлық платформалардың фестивальдерді насихаттауда маңызды құралға айналғанын дәлелдейді. Сондықтан фестиваль ұйымдастырушылары үшін цифрлық маркетингті тиімді пайдалану келушілер санын арттырудың маңызды тетіктерінің бірі болып қала береді.

Респонденттердің жауаптарына сүйенсек, фестивальге қатысу туралы шешім қабылдауға іс-шараның мазмұнымен қатар, оның өткізілу орны да ықпал етеді. Түркістан қаласының тарихи келбеті, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі және қаланың мәдени ортасы фестиваль бағдарламасымен үйлесіп, туристерге бір сапар барысында бірнеше туристік өнімді қатар тұтынуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда фестивальлер жеке мәдени іс-шара ретінде ғана емес, өңірдің тарихи-мәдени ресурстарымен тығыз байланысқан кешенді туристік өнім ретінде қабылданады. Бұл жағдай туристердің өңірде өткізетін уақытын ұзартып, қосымша туристік қызметтерге деген сұраныстың артуына ықпал етеді.

Сонымен қатар сауалнама нәтижелері фестивальдердің туристердің өңір туралы алғашқы әсерін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Респонденттердің басым бөлігі фестиваль барысында алған жағымды тәжірибе Түркістан туралы пікірінің өзгергенін және өңірді қайтадан келуге болатын туристік бағыт ретінде қарастыра бастағанын атап өтті. Бұл фестивальдердің тек қысқа мерзімді іс-шара ретінде ғана емес, туристердің адалдығын қалыптастыратын және өңірдің ұзақ мерзімді туристік тартымдылығын арттыратын маңызды құрал екенін көрсетеді. Мұндай нәтиже Getz [1] пен Page [2] еңбектерінде келтірілген фестивальдердің туристік дестинация брендіне ықпалы туралы тұжырымдармен сәйкес келеді.

Фестиваль тәжірибесін қалыптастыратын негізгі факторлар

Фестивальдің табысты өтуі тек ұйымдастырушылардың жұмысына ғана емес, туристердің алған жалпы әсеріне де байланысты. Сондықтан сауалнама барысында респонденттерден фестиваль тәжірибесіне әсер еткен негізгі факторларды бағалау сұралды. Нәтижелер 3-кестеде берілген.

3-кесте – Фестиваль тәжірибесін бағалау нәтижелері

Көрсеткіш	Mean	SD
Ұлттық мәдениеттің көрсетілуі	4,74	0,49
Фестивальдің жалпы атмосферасы	4,68	0,56
Бағдарламаның мазмұны	4,57	0,63
Қызмет көрсету сапасы	4,43	0,68
Ұйымдастырылу деңгейі	4,39	0,71
Ақпараттық қамтамасыз ету	4,21	0,79
Көлік және тұрақ орындарының қолжетімділігі	3,97	0,88

Ескерту – автор құрастырған.

3-кестеде келтірілген нәтижелер фестиваль тәжірибесінің барлық көрсеткіштері бойынша орташа бағалардың жоғары екенін көрсетті. Әсіресе ұлттық мәдениеттің көрсетілуі мен фестиваль атмосферасы ең жоғары бағаланған факторлар болды. Респонденттердің пікірінше, Түркістандағы фестивальдердің басты ерекшелігі – ұлттық дәстүрлердің табиғи түрде ұсынылуы және тарихи ортаның фестиваль мазмұнымен үйлесуі.

Бағдарламаның мазмұны мен қызмет көрсету сапасы да оң бағаланды. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі концерттік бағдарламалардың, ұлттық ойындардың және қолөнер көрмелерінің фестивальді қызықты еткенін атап өтті. Сонымен қатар ұйымдастырушылардың жұмысына қатысты елеулі сын айтылмағанымен, кейбір туристер ақпараттық бағыттау белгілерінің жеткіліксіздігін және адамдар көп жиналған уақытта көлік қозғалысының қиындайтынын көрсеткен.

Біздің ойымызша, бұл нәтиже Түркістандағы фестивальдердің мазмұндық сапасы жоғары болғанымен, келушілер санының көбеюіне байланысты инфрақұрылымдық мәселелерге көбірек назар аудару қажеттігін көрсетеді.

Фестивальдердің аймақтық туризмнің тұрақты дамуына ықпалы

Фестивальдердің өңірлік туризмге әсерін бағалау үшін респонденттер бірнеше тұжырым бойынша өз пікірлерін білдірді. Бұл сұрақтар фестивальдердің экономикалық, мәдени және туристік маңызын анықтауға бағытталды.

Фестивальдердің өңірлік туризмге ықпалын бағалау туристердің жеке әсерін анықтаумен ғана шектелмейді. Мұндай іс-шаралар туристік ағынның артуына, өңірдің мәдени келбетінің нығаюына және жергілікті бизнестің белсенділігінің өсуіне ықпал ететін факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты сауалнамада фестивальдердің туристік тартымдылыққа, өңірдің имиджіне, мәдени мұраны сақтауға және туристердің қайта келу ниетіне әсерін сипаттайтын бірнеше тұжырым енгізілді.

Нәтижелер 4-кестеде ұсынылған.

4-кесте – Фестивальдердің аймақтық туризмнің тұрақты дамуына ықпалын бағалау

Көрсеткіш	Mean	SD
Түркістан облысының туристік тартымдылығын арттырады	4,70	0,55
Өңірдің жағымды туристік имиджін қалыптастырады	4,66	0,57
Ұлттық мәдени мұраны сақтауға ықпал етеді	4,79	0,43
Жергілікті кәсіпкерліктің дамуына әсер етеді	4,42	0,67
Туристердің қайта келу ықтималдығын арттырады	4,56	0,61
Түркістанды өзгелерге ұсынуға ынталандырады	4,63	0,58

Ескерту – автор құрастырған.

Алынған нәтижелер фестивальдердің өңірдің туристік дамуына оң ықпал ететінін көрсетті. Барлық көрсеткіштердің орташа мәні 4,40-тан жоғары болды, бұл респонденттердің фестивальдердің маңызын жоғары бағалайтынын білдіреді.

Ең жоғары баға ұлттық мәдени мұраны сақтауға қатысты тұжырымға берілді. Туристер фестиваль барысында қазақ халқының салт-дәстүрімен, ұлттық тағамдарымен, қолөнерімен және музыка мәдениетімен жақынырақ танысуға мүмкіндік алғанын атап өтті. Бұл фестивальдердің тек ойын-сауық шарасы емес, мәдени мұраны насихаттайтын маңызды алаң екенін көрсетеді.

Сонымен бірге респонденттердің басым бөлігі фестивальлер Түркістан облысының туристік имиджін қалыптастыруға ықпал етеді деп есептейді. Бұл пікірді олардың қайта келу ниеті де растайды. Сауалнама барысында көптеген қатысушылар болашақта Түркістанға тағы да келуге немесе өңірді достары мен туыстарына ұсынуға дайын екендерін көрсетті.

Жергілікті кәсіпкерлікке қатысты көрсеткіштің басқа тармақтарға қарағанда сәл төмен болуы фестивальдің экономикалық әсерін туристер әрдайым тікелей байқай бермейтінін аңғартады. Дегенмен, респонденттердің пікірлері фестиваль күндері қонақ үйлерге, қоғамдық тамақтану орындарына және кәдесый өнімдеріне сұраныстың артатынын жанама түрде растайды.

Алынған нәтижелер Getz [1] және Getz пен Page [2] еңбектеріндегі фестивальдердің дестинацияның бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы рөлі туралы тұжырымдармен сәйкес келеді. Сонымен қатар Қазақстан жағдайында Жунусова және әріптестерінің [7] оқиғалық туризмнің өңірлік даму үшін маңыздылығы туралы қорытындыларын да қолдайды.

Зерттеу моделінің статистикалық бағалануы

Зерттеу барысында пайдаланылған сауалнаманың сенімділігі мен алынған деректердің статистикалық талдауға жарамдылығы алдымен бағаланды. Бұл кезеңде сауалнамаға енгізілген тұжырымдардың бір конструкция аясында өзара қаншалықты үйлесімді екендігі тексерілді. Сенімділікті анықтау үшін Cronbach's Alpha коэффициенті есептелді. Ғылыми әдебиеттерде аталған коэффициенттің 0,70-тен жоғары болуы зерттеу құралының жеткілікті сенімді екенін білдіреді.

5-кесте – Конструкциялардың сенімділік көрсеткіштері

Конструкция	Cronbach's Alpha
Festival Experience	0,884
Sustainable Regional Tourism	0,907

Ескерту – кесте Jatovi 2.6 статистикалық бағдарламасында өңделген зерттеу деректері негізінде автор құрастырған.

5-кестеде келтірілген нәтижелер екі конструкция бойынша да Cronbach's Alpha коэффициентінің жоғары деңгейде екенін көрсетті. Атап айтқанда, Festival Experience конструкциясы бойынша сенімділік коэффициенті 0,884, ал Sustainable Regional Tourism конструкциясы бойынша 0,907 болды. Бұл сауалнамадағы тұжырымдардың өзара бірізді екенін және респонденттердің жауаптары зерттеу мақсатына сәйкес тұрақты нәтиже бергенін көрсетеді. Осыған байланысты жиналған деректерді әрі қарай корреляциялық және регрессиялық талдауда пайдалануға толық негіз бар.

Айнымалылар арасындағы байланыс

Сауалнама шкалаларының сенімділігі расталғаннан кейін фестиваль тәжірибесі мен

аймақтық туризмнің тұрақты дамуы арасындағы өзара байланыс бағаланды. Ол үшін Пирсонның корреляциялық талдауы (Pearson Correlation Analysis) қолданылды. Талдау нәтижелері 6-кестеде ұсынылған.

6-кесте – Пирсонның корреляциялық талдауы

Айнымалылар	r	p
Festival Experience ↔ Sustainable Regional Tourism	0,742	<0,001

Ескерту – кесте Jatovi 2.6 статистикалық бағдарламасында өңделген зерттеу деректері негізінде автор құрастырған.

Корреляциялық талдау нәтижесі фестиваль тәжірибесі мен аймақтық туризмнің тұрақты дамуы арасында жоғары деңгейдегі оң байланыс бар екенін көрсетті ($r = 0,742$; $p < 0,001$). Бұл көрсеткіш фестивальден алған жағымды әсер жоғарылаған сайын туристердің өңірдің туристік әлеуетіне және оның тұрақты дамуына қатысты бағасы да жоғарылай түсетінін білдіреді.

Алынған нәтижені бірнеше фактормен түсіндіруге болады. Біріншіден, фестивальдің мазмұны мен ұйымдастырылу деңгейі туристің жалпы саяхат тәжірибесіне тікелей ықпал етеді. Екіншіден, ұлттық мәдениетпен танысу, жергілікті тұрғындардың қонақжайлығы және ерекше фестиваль атмосферасы өңір туралы жағымды пікір қалыптастырады. Осындай оң тәжірибе туристердің Түркістанға қайта келу ниетін күшейтіп қана қоймай, өңірді өз таныстарына ұсынуға деген ықыласын да арттырады. Бұл нәтиже Sayın және Uysal [11] жүргізген зерттеу қорытындыларымен үндес келеді. Авторлардың пікірінше, фестиваль барысында қалыптасқан жағымды әсер туристердің дестинацияға деген адалдығын нығайтып, қайта келу ықтималдығын арттырады.

Зерттеу гипотезасын тексеру

Зерттеудің негізгі H1 гипотезасын тексеру үшін қарапайым сызықтық регрессиялық талдау жүргізілді. Бұл талдау фестиваль тәжірибесінің аймақтық туризмнің тұрақты дамуына ықпал ету деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Регрессиялық модельдің нәтижелері 7-кестеде келтірілген.

7-кесте – Регрессиялық талдау нәтижелері

Көрсеткіш	Мәні
R	0,742
R ²	0,551
β	0,742
t	17,43
F	303,84
p	<0,001

Ескерту – кесте Jatovi 2.6 статистикалық бағдарламасында өңделген зерттеу деректері негізінде автор құрастырған.

Регрессиялық талдау нәтижелері фестиваль тәжірибесінің аймақтық туризмнің тұрақты дамуына оң және статистикалық тұрғыдан маңызды әсер ететінін көрсетті ($\beta = 0,742$; $p < 0,001$). Модельдің детерминация коэффициенті $R^2 = 0,551$ болды. Бұл фестиваль тәжірибесі аймақтық туризмнің тұрақты дамуына қатысты бағалаудағы өзгерістің 55,1%-ын түсіндіретінін білдіреді.

Басқаша айтқанда, фестивальдің жоғары деңгейде ұйымдастырылуы, мазмұнының тартымдылығы, мәдени бағдарламалардың сапасы және туристердің жалпы қанағаттануы

өңірдің туристік имиджін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Турист фестивалымен қаншалықты жағымды әсер алса, оның Түркістан облысының туристік әлеуетіне берген бағасы да соғұрлым жоғары болады. Бұл фестивальдердің өңірдің тұрақты туристік дамуына ықпал ететін маңызды құрал екенін көрсетеді.

Жүргізілген регрессиялық талдау зерттеудің негізгі Н1 гипотезасын толық растады. Алынған нәтижелер фестиваль тәжірибесінің аймақтық туризмнің тұрақты дамуына оң ықпал ететінін және бұл ықпалдың статистикалық тұрғыдан сенімді екенін дәлелдеді.

Қорытынды

Фестивальдік туризм қазіргі таңда өңірлердің туристік тартымдылығын арттырудың және тұрақты туристік дамуды қамтамасыз етудің маңызды құралдарының біріне айналып отыр. Осыған байланысты жүргізілген зерттеудің мақсаты Түркістан облысында өткізілетін фестивальдердің аймақтық туризмнің тұрақты дамуына ықпалын туристердің пікірлері негізінде эмпирикалық тұрғыдан бағалау болды.

Зерттеу нәтижелері Түркістан облысында ұйымдастырылатын фестивальдердің туристер үшін жоғары тартымдылыққа ие екенін көрсетті. Сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі өңірге ұлттық мәдениетпен танысу және жаңа әсер алу мақсатында келген. Сонымен қатар респонденттер фестивальдердің ұлттық мәдени мұраны насихаттауда, өңірдің жағымды туристік имиджін қалыптастыруда және Түркістан облысының туристік тартымдылығын арттыруда маңызды рөл атқаратынын жоғары бағалады. Әсіресе фестиваль атмосферасы, мәдени бағдарламалардың мазмұны және ұлттық құндылықтардың кеңінен дәріптелуі туристердің оң бағасына ие болды.

Статистикалық талдау нәтижелері фестиваль тәжірибесі мен аймақтық туризмнің тұрақты дамуы арасында оң және статистикалық тұрғыдан маңызды байланыс бар екенін көрсетті. Корреляциялық талдау фестивалымен алған жағымды әсердің өңірдің туристік әлеуетіне берілетін бағамен тығыз байланысты екенін дәлелдесе, регрессиялық талдау фестиваль тәжірибесінің аймақтық туризмнің тұрақты дамуына елеулі ықпал ететінін көрсетті. Осылайша зерттеудің негізгі Н1 гипотезасы толық расталды.

Зерттеу нәтижелері фестивальдерді тек мәдени немесе ойын-сауық іс-шарасы ретінде ғана емес, өңірдің туристік брендин нығайтатын, туристердің қайта келу ниетін қалыптастыратын және жергілікті экономиканың дамуына жанама әсер ететін маңызды туристік ресурс ретінде қарастыру қажеттігін көрсетті. Бұл фестивальдік туризмді өңірлік туристік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде дамытуға негіз бола алады.

Практикалық тұрғыдан алғанда, алынған нәтижелерді Түркістан облысында фестивальдерді жоспарлау және ұйымдастыру барысында пайдалануға болады. Зерттеу қорытындылары фестиваль бағдарламаларын жетілдіруге, цифрлық маркетинг құралдарын тиімді қолдануға, көлік және туристік инфрақұрылымды дамытуға, сондай-ақ халықаралық деңгейдегі фестивальдердің танымалдылығын арттыруға бағытталған шешімдер қабылдау кезінде пайдалы болуы мүмкін.

Сонымен қатар зерттеудің белгілі бір шектеулері бар. Зерттеу тек Түркістан облысында өткізілген фестивальдерге қатысқан туристер арасында жүргізілді және олардың субъективті пікірлеріне негізделді. Сондықтан алынған нәтижелерді барлық өңірлерге тікелей жалпылауға болмайды. Болашақ зерттеулерде Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде өткізілетін фестивальдерді салыстырмалы түрде талдау, сондай-ақ фестивальдердің жергілікті экономикаға, жұмыспен қамтуға және туристік шығындарға нақты әсерін ресми статистикалық деректер негізінде бағалау ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Getz D. *Event Studies: Theory, Research and Policy for Planned Events*. 3rd ed. London: Routledge, 2024.
2. Getz D., Page S. J. *Event studies and event management: Evolution, current issues and future directions* // *Tourism Management*. 2024. Vol. 101. Article 104964.
3. Hall C. M. *Tourism Planning: Policies, Processes and Relationships*. 3rd ed. Harlow: Pearson, 2023.
4. Morrison A. M. *Marketing and Managing Tourism Destinations*. 2nd ed. London: Routledge, 2024.
5. Kotler P., Bowen J. T., Baloglu S. *Marketing for Hospitality and Tourism*. 8th ed. Harlow: Pearson, 2022.
6. Hudson S. *Marketing for Tourism, Hospitality and Events*. 3rd ed. London: Sage Publications, 2022.
7. Жунусова А. А., Нуртазина А. К., Тулегенова Г. М. Модель организации событийного и гастрономического туризма как фактор устойчивого развития туристских дестинаций Казахстана // *Вестник университета «Туран»*. 2024. № 4. С. 190–203.
8. Nurmaganbetkyzy N., Zhakupov A., Sharapayeva B. *Promotion of tourism brand of small towns of Turkestan region through historical and cultural heritage* // *Economic Series of the Bulletin of L.N. Gumilyov ENU*. 2025. No. 2. P. 350–364. DOI: 10.32523/2789-4320-2025-2-350-364.
9. Abdikarimova M., Imangulova T., Savanchiyeva A., Atasheva D., Aldybayev B. *The role of ethnic tourism in preserving Kazakhstan's cultural heritage and local traditions: literature review* // *GeoJournal of Tourism and Geosites*. 2025. Vol. 59(2). P. 529–538. DOI: 10.30892/gtg.59202-1434.
10. Khusanovich I. S. *The Importance of Special Public Events in Increasing the Attractiveness of Tourist Destinations in Uzbekistan* // *Central Asian Journal of Innovations on Tourism Management and Finance*. 2025. Vol. 6, No. 3. P. 799–809.
11. Sayın K., Uysal Ö. *Visitor Perceptions of the Impact of Local Festivals on Regional Tourism and Sustainability Processes: A Qualitative Research in Silifke* // *Social Sciences Development Journal*. 2025.
12. Todorović B. *Festivals as an Opportunity for Sustainable Development of Tourism Regions* // *Economy and Contemporary Society*. 2025.
13. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ. *Қазақстан туризмінің даму қорытындылары*. Астана, 2025.
14. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ. *Tourism Investment Guide: Turkistan Region*. Astana: Kazakh Tourism.
15. UN Tourism. *World Tourism Barometer*. Madrid: UN Tourism, 2025.

REFERENCES

1. Getz D. *Event Studies: Theory, Research and Policy for Planned Events*. 3rd ed. London: Routledge, 2024.
2. Getz D., Page S. J. *Event studies and event management: Evolution, current issues and future directions* // *Tourism Management*. 2024. Vol. 101. Article 104964.
3. Hall C. M. *Tourism Planning: Policies, Processes and Relationships*. 3rd ed. Harlow: Pearson, 2023.
4. Morrison A. M. *Marketing and Managing Tourism Destinations*. 2nd ed. London: Routledge, 2024.
5. Kotler P., Bowen J. T., Baloglu S. *Marketing for Hospitality and Tourism*. 8th ed. Harlow: Pearson, 2022.
6. Hudson S. *Marketing for Tourism, Hospitality and Events*. 3rd ed. London: Sage Publications, 2022.
7. Zhunusova A. A., Nurtazina A. K., Tulegenova G. M. *Model organizacii sobytiinogo i gastronomicheskogo turizma kak faktor ustoichivogo razvitiya turistskikh destinacii Kazakhstana*

[Model of event and gastronomic tourism organization as a factor of sustainable development of Kazakhstan's tourist destinations] // Vestnik universiteta «Turan». 2024. No. 4. P. 190–203.

8. Nurmaganbetkyzy N., Zhakupov A., Sharapayeva B. Promotion of tourism brand of small towns of Turkestan region through historical and cultural heritage // Economic Series of the Bulletin of L.N. Gumilyov ENU. 2025. No. 2. P. 350–364. DOI: 10.32523/2789-4320-2025-2-350-364.

9. Abdikarimova M., Imangulova T., Savanchiyeva A., Atasheva D., Aldybayev B. The role of ethnic tourism in preserving Kazakhstan's cultural heritage and local traditions: literature review // GeoJournal of Tourism and Geosites. 2025. Vol. 59(2). P. 529–538. DOI: 10.30892/gtg.59202-1434.

10. Khusanovich I. S. The Importance of Special Public Events in Increasing the Attractiveness of Tourist Destinations in Uzbekistan // Central Asian Journal of Innovations on Tourism Management and Finance. 2025. Vol. 6, No. 3. P. 799–809.

11. Sayın K., Uysal Ö. Visitor Perceptions of the Impact of Local Festivals on Regional Tourism and Sustainability Processes: A Qualitative Research in Silifke // Social Sciences Development Journal. 2025.

12. Todorović B. Festivals as an Opportunity for Sustainable Development of Tourism Regions // Economy and Contemporary Society. 2025.

13. Kazakh Tourism ҰҚ АҚ. Kazakhstan turizminin damu korytyndylary [Results of tourism development in Kazakhstan]. Astana, 2025.

14. Kazakh Tourism ҰҚ АҚ. Tourism Investment Guide: Turkistan Region. Astana: Kazakh Tourism.

15. UN Tourism. World Tourism Barometer. Madrid: UN Tourism, 2025.

A. ЕСЕНОВА

Әлеуметтану ғылымдарының кандидаты,
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университеті, (Қазақстан, Шымкент)
E-mail: ae.yessenova@gmail.com
ORCID: 0000-0003-0994-0368

A. РИЗАХОДЖАЕВ

Экономика ғылымдарының кандидаты,
Орталық Азия инновациялық
университетінің аға оқытушысы,
(Қазақстан, Шымкент)
E-mail: manamolot@mail.ru

Б. АБДИГАЛИЕВА

Туризм магистрі, Абылай хан атындағы
Қазақ халықаралық қатынастар және әлем
тілдері университетінің аға оқытушысы,
(Қазақстан, Алматы)
E-mail: Abdigalieva.BK@ablaikhan.kz
ORCID: 0000-0003-1091-4271

Д. САБИРОВ

Экономика ғылымдарының магистрі,
Алматы Менеджмент Университеті,
(Қазақстан, Алматы)
E-mail: d.sabirov@almu.edu.kz

01.10.2025 ж. баспаға түсті

01.06.2026ж. түзетулермен келді

30.06.2026ж. басып шығаруға қабылданды

A. YESSENOVA¹, A. RIZAKHODZHAYEV^{2✉}, B. ABDIGALIYEVA³, D. SABIROV⁴

¹M. Auezov South Kazakhstan University, (Kazakhstan, Shymkent)

²Central Asian Innovation University

(Kazakhstan, Shymkent), E-mail: manamolot@mail.ru

³Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

(Kazakhstan, Almaty)

⁴Almaty Management University, (Kazakhstan, Almaty)

AN EMPIRICAL STUDY OF THE IMPACT OF FESTIVALS ON SUSTAINABLE REGIONAL TOURISM DEVELOPMENT

Abstract. This study empirically examines the impact of festivals held in the Turkistan Region

on sustainable regional tourism development. A quantitative research design was employed, and survey data were collected from 250 tourists who participated in regional festivals. The collected data were analyzed using Jamovi 2.6 statistical software. The reliability of the measurement scales was assessed using Cronbach's Alpha, while Pearson correlation analysis and simple linear regression were applied to examine the relationships between the study variables. The findings revealed a strong positive and statistically significant relationship between festival experience and sustainable regional tourism development ($r = 0.742$, $p < 0.001$). The regression analysis indicated that festival experience explains 55.1% of the variance in sustainable regional tourism development ($R^2 = 0.551$). The results demonstrate that festivals significantly enhance the tourist attractiveness of the region, strengthen its destination image, promote cultural heritage preservation, and increase tourists' intention to revisit the destination. The findings provide practical implications for regional tourism policy, festival management, and sustainable destination development.

Keywords: festival tourism, event tourism, sustainable tourism, regional tourism, Turkistan Region, festival experience, tourist attractiveness, destination image, empirical study.

А. ЕСЕНОВА¹, А. РИЗАХОДЖАЕВ^{2✉}, Б. АБДИГАЛИЕВА³, Д. САБИРОВ⁴

¹Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, (Казахстан, Шымкент)

²Центрально-Азиатский инновационный университет
(Казахстан, Шымкент), E-mail: manamolot@mail.ru

³Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, (Казахстан, Алматы)

⁴Алматы Менеджмент Университет, (Казахстан, Алматы)

ЭМПИРИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ВЛИЯНИЯ ФЕСТИВАЛЕЙ НА УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ РЕГИОНАЛЬНОГО ТУРИЗМА

Аннотация. В статье представлено эмпирическое исследование влияния фестивалей, проводимых в Туркестанской области, на устойчивое развитие регионального туризма. Исследование выполнено с использованием количественного подхода. Анкетирование проведено среди 250 туристов, посетивших региональные фестивали. Обработка данных осуществлялась в программе Jamovi 2.6. Надежность измерительных шкал оценивалась с помощью коэффициента Cronbach's Alpha, а взаимосвязи между переменными анализировались посредством корреляционного анализа Пирсона и простой линейной регрессии. Полученные результаты свидетельствуют о наличии сильной положительной и статистически значимой связи между фестивальным опытом туристов и устойчивым развитием регионального туризма ($r=0,742$; $p < 0,001$). Регрессионный анализ показал, что фестивальный опыт объясняет 55,1% вариации показателей устойчивого развития регионального туризма ($R^2=0,551$). Установлено, что фестивали способствуют повышению туристической привлекательности региона, укреплению его положительного имиджа, сохранению культурного наследия и формированию намерения туристов посетить регион повторно. Полученные результаты могут быть использованы при разработке региональной туристской политики и совершенствовании организации фестивальных мероприятий.

Ключевые слова: фестивальный туризм, событийный туризм, устойчивый туризм, региональный туризм, Туркестанская область, фестивальный опыт, туристическая привлекательность, туристический имидж, эмпирическое исследование.